

"Қарағандырезинотехника" акционерлік қоғамын қаржы-экономикалық сауықтыру жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 25 наурыз N 346

"Қарағандырезинотехника" акционерлік қоғамының бәсекелесу қабілеті бар өнімді, жұмыс орындарын көбейтуін қамтамасыз ететін санациялау шараларын неғұрлым тиімді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Медетші банкі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Қарағанды облысының әкімі "Қарағандырезинотехника" акционерлік қоғамының қаржы жағдайы мен оның қарыздары құрылымына бағалау жүргізсін. Он күн мерзім ішінде "Қарағандырезинотехника" акционерлік қоғамының қаржы-шаруашылық қызметін тұрақтандыру жөніндегі бірінші кезектегі шаралар жоспарын әзірлесін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, мемлекеттік Медетші банкі "Қарағандырезинотехника" акционерлік қоғамы үшін 1996 жылдың 25 наурызынан бастап 200 (екі жүз) млн. теңге сомасында кредит беру лимитін белгілесін. Бұдан әрі ай сайын кредит беру қоймалардағы тауар өнімі көлемінің кемінде 85%-і есебімен жүргізілсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Қарағандырезинотехника" акционерлік қоғамының әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін жергілікті атқарушы органдардың балансына өзара келісілген кесте бойынша беруді жүзеге асырсын.

4. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі бөлген кредиттерді қайтаруды ескере отырып,

"Қарағандырезинотехника" акционерлік қоғамын "Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2771 заң күші бар Жарлығына сәйкес, жекешелендіруді жалғастыру жөнінде дайындық жұмыстарын жүргізсін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК